

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы N 377 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 маусым N 661

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы N 377 P020377_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесінде:

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Мемлекеттік хатшысының" деген сөздер "Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы:

"Мемлекеттік хатшысының" деген сөздер "Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацындағы "Қаржы министрлігі" деген сөздерден

кейін "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімі немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың бірінші абзацындағы "Мемлекеттік хатшысының" деген сөздер "Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың екінші абзацындағы "Мемлекеттік хатшысының" деген сөздер "Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК